

XFTAP 16.01.21.

М.Қ. Жүнісова

Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: ZhunusovaMK@mail.ru)

Әңгіме жанры мәтінінің бастапқы және соңғы сөйлемдеріндегі көркемдік тәсілдер

Андатпа. Мақалада көркем шығарма мәтіндеріндегі бастапқы және соңғы сөйлемдердің атқарар стильдік қызметі, көркемдік сипаты сияқты тілдік параметрлері қарастырылған. Көркем шығарманың жаны мен жүрегі сөз десек, суреткер көркем туындыда қандай да бір ұлттық нақышты көрсетуде өзінің сөздік қорындағы тілдік құралдарға және шығармашылығына иек артатыны сөз болады. Автор мен оқырман арасындағы әдеби қарым-қатынас көркем мәтін арқылы жүзеге асады.

Көркем сөз – ойды және сезімді образ арқылы бейнелейтін ерекше өнер. Тіл көркем шығармада ерекше эстетикалық қызмет атқаратынына көңіл бөлінген. Адам өз ойын жеткізу үшін ғана сөйлесіп қоймайды, көңіл-күйін, эмоциясын білдіру арқылы басқа адамдардың да сана-сезіміне әсерін тигізетіні, автор мен оқырман арасындағы әдеби қарым-қатынас көркем мәтін арқылы жүзеге асатыны жөнінде айтылады. Көркемдік тәсілдердің бастапқы және соңғы сөйлемдердегі стилистикалық, семантикалық қызметтері оқырман назарын бірден аудартатындығы, әңгіме семантикасын түсінуге бағдар беретіні мысалдармен талданады.

Түйін сөздер: көркем шығарма, мәтін, бастапқы сөйлем, соңғы сөйлем, стильдік қызмет, көркемдік тәсілдер, метафора, метонимия.

DOI : <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-130-1-21-28>

Түсті: 15.01.20 / Қайта түзетілді: 24.02.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 30.03.20

Кіріспе. Сөйлемге сөйлемдік қасиет беретін, оған функциялық қызмет атқартатын, негізінде, оның семантикасы, синтаксистік құрылымы, көркем мәтінде бейнелі-мәнерлі сипаты, яғни оның әсерлілік аталатын болмысы деп есептейміз.

Бастапқы және соңғы абзацтардың құрылымдық ерекшеліктерін зерттеген В. Николаева: «Соңғы абзацтар әңгімеде не туралы айтылғанына жасаған авторлық эмоционалды-бағалауыштық қатынастың түйіні болып табылады, бұнда шығармадағы негізгі ой жинақталған түрде беріледі. Бұл көп жағдайда күшейтілген лирикалық аяқталымды алдын ала анықтайды. Сондықтан қорытынды абзацтарда жазушының поэтикалық тәсілдердің барлық мүмкіндігін (қорын): ырғақ-саздылықты, фразалардың музыкалық жалпы әуезділігін (мұнды, қуанышты, толқымалы т.б.), адамның ішкі жай-күйін немесе табиғаттың да кейде бұған «ортақтас» болатын тұстарын атап көрсететін сөздерді белгілі бір лексикалық мағыналарына қарай таңдауды, әр алуан тілдік тәсілдерді мол қолдануды, өте нәзік дыбыстық жазуларды пайдалана білуді ескеруі кездейсоқ емес» [1, 208-209 б.], – деп жазады.

Зерттеуші бұл сөзінде қаламгерлер әңгіменің басқы бөлігінен гөрі аяққы шенінде айшықты сөз маржанын көп қолданады дегендей ой қорытып отыр. Біздіңше, бастапқы және соңғы сөйлемдердің қай-қайсысына да қойылатын лингвостилистикалық талап ортақ: олардың құрамындағы сөздер тиімді, ұтымды таңдалған, синтаксистік құрылымы мен семантикасы айтылатын ой сипатына сай, әсері (эмоциялық қуаты) күшті, бейнелі, мәнерлі реңкті болуға тиіс, себебі екеуінің де негізгі стильдік қызметі – ойды әсерлі бейнелеу. Осыған байланысты да көркем сөз шеберлері шығарманың оқырман қауымның көңіл-күйіне, танымына, сана-сезіміне, жан-дүниесіне елеулі әсер ететіндей сапада жазылуы үшін сөзқолданыс жүйесіне тән көркемдік тәсілдерді ұтымды, тиімді қолдануға қатты зер салып отырады. «Задында, суреткер қолындағы сөз суретші қолындағы бояу секілді, иінін тауып мың құбылтуға болады. Құбылған сөз әсерлілік үстіне адам баласының танымын байыт-

пақ; бір сөз бір-ақ нәрсені танытса, оны түрлендіре құбылту арқылы тіршіліктің сан алуан сырын тануға болады» [2, 231 б.]. Міне, осы сан алуан сырды танытатын көркем тілдік амал-тәсілдер де сан алуан. Мұндайда алдымен сөз етілетіндер әдетте метафора, метонимия, кейіптеу, теңеу, эпитеттер т.б. болып келеді.

Зерттелу негіздері. Метафора. «Метафораны алғаш сөз еткен Аристотель [б.з.д. 384-322] деу де дұрыс. Бірақ Аристотельдің баяндауларына қарағанда, ғалымның алдында, жалғыз аяқ та болса, тарихи зерттеу жолы болған. Мысалы, Аристотельден бұрын өмір сүрген Исократ (б.з.д. 436-388) метафора ретінде қолданылатын сөздің қабылдауға қиындық келтірмейтін, әдемі, барынша ыңғайлы әрі жалпыға белгілі болуын талап еткен», – [3, 5 б.] деп жазады осы мәселені арнайы зерттеген ғалым Б.Хасанов. Мұнан сөзді қолдануда қарастырылып отырған бұл тәсілдің өзіне тым ертеден-ақ көңіл аудартқаны аңғарылады. Әрине, бұлай болуын орынды да ғой дейміз, себебі, «бір сөз бір-ақ ұғым» білдірумен шектелмей, «сан алуан» мағынада жұмсала беретіндіктен, тіл оралымдылығына айтарлықтай мүмкіндік туғызатыны сөзсіз. Сондықтан тіл қызметінің әрқашан жақсара беруіне күштар адамзаттың бұл мәселеге ертеден әрі ерекше ден қоюы заңды.

Осындай сипатына байланысты, сөйлеу не жазба тіліміздің қай-қайсында да сөздің ауыс мағынада жұмсалуды өте жиі байқалып отыратыны – шындық. А. Сыбанбаева «Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар» деген ғылыми еңбегінде метафораның танымдық, көркемдік қызметін жан-жақты талдайды.

Ғалым Б. Хасанов сөз таптарының метафоралануын жеке тақырыптарға бөліп қарастырып, нақты мысалдар арқылы кең талдау жасап, әр сөз табының метафоралану қабілетін сөз еткенде: «Етістіктің метафоралы қолданылуында сөз образдылығы жандана түседі», – дей отырып [3, 112 б.], профессор А.Н. Ефимовтің: «Етістік өзінің мән-мағыналық реңктерінің көп түрлілігімен, жан-жақты дамыған тұлғалық жүйесімен және синтаксистік байланыстарымен көркем сөз мәнерлілігінің сыннан өткен құралы болып табылып отырғаны – көпшілікке мәлім жайт», – [3, 112 б.] деген сөзіне сілтеме жасайды. Осылай сипатталған етістіктің бастапқы сөйлемдердегі қолданылу жайына мысалдар:

1. Үлкен сәскеде Борандының саудасы сұйыла бастайды (Ш.Мұртаза. Шақалақ).
2. Қаңтардағы қысқа күн қырқаға иек артып, құлақтанып біраз тұрды да құлай салды (Қ. Ысқақ. Ақтоқтым).
3. Астанада ымырт қысқа, көп ұзамай қала түн құшағына ене берді (Ғ.Төлеғұл. Аялдамада).
4. Ауыл Көлқамыстың табанына келіп қонған (Қ.Сәрсекеев.Құлатай).

Ауыс мағынадағы тұрақты етістік метафоралар, (сауданың сұйылуы, ауылдың қонуы, иек артуы, құлай салуы т.б.) естіліп жүрген тіркестер болғанмен, ойды бейнелі жеткізіп тұр. А. Сыбанбаеваның: «Метафора – тілді байытатын, көрікті ететін құралдардың бірі, адам ойын бейнелі, көркем, эмоциялы етіп жеткізудің тәсілі», – деуі де сондықтан [4, 22 б.].

Метафоралардың соңғы сөйлемдерде жұмсалған орындары қай жазушының да көркем шығармасын аяқтаушы болып саналатын тоқ етер соңғы сөйлемдерінде идеялық мақсатты байламының шешімін көрсетуге тырысатыны – заңдылық. Мұндайда сөз өрімін мазмұнға сай әдіптеген қаламгерлердің соңғы сөйлемдерінің баяндауыштарына үлкен стильдік жүк артатыны, олардың әсіресе етістік метафораға аяқталған түрлерінің поэтикалық, образдылық сипаты басым болатыны аңғарылады. Ойымызды мысалдармен нақтылайық:

1. Алдындағы бір аяғы қара саннан жоқ мүгедек жанды қапсыра құшақтаған қалпы қатты да қалды (К. Ахметбеков. Жыртық кітап).

2. Машина өрге қарай шығып келе жатқан болу керек, жүрісі ауырлай бастады, тоқтауға болмайды, бұл газды баса берді, құлағына қара жерді қақ айырардай дір-дір етіп төбенің үстіне эзер деп көтерілді-ау, дәл осы сәт артынан қатты тартып тұрған біреу жіберіп қалғандай сәл ойпаң жазыққа қарай лақ етіп аға жөнелді (С. Мұратбеков. Ары-бері жол).

3. – «Қартайғанша бір соғар. Өндіртіп өлең жаза берсем, бірі болмаса бірін оқып, кітабымды іздеп бір келмес дейсің бе! Келер. Тек жаза берейін, жаза берейін!» Еркеғали ден қойған түйін – осы. Ол есікке беттегенде, сатушы әйел «осы бір әпендіні түстеп қалайыншы» дегендей ұзақ қадалған жанармен ұзатып салды (Е. Қонарбаев. Жаңғырық).

4. Көзі жасаураған Латифтің қиялы ғарышқа самғады (І. Жақанов. Қазақ вальсі).

5. Күйшінің көкірегінде тағы бір тосын саз қордаланып келеді (Ә. Кекілбаев. Аш бөрі).

Нәтижелер мен талдаулар. Баяндауыш етістіктер өз мағынасында емес, ауыспалы мағынада жұмсалып тұр. Алғашқы мысалдағы қайталанған баяндауыш-метафора соғысқа кеткен ұлынан жаманат хабар келмегесін, соғыс аяқталғанына қырық жыл өтсе де, бір хабары болар деп үміттеніп жүрген әкенің баласымен кездескендегі көрінісін бейнелесе, екінші мысалдағы «аға жөнелу» машинаның еңіске қарай тым, тез, шапшаң кеткен жылдамдығын, одан кейінгі мысалдардағы ұзатып салу Еркеғали шығып кеткенше, сатушының одан көз айырмай ұзақ қарап тұрып қалғанын, «қиялы ғарышқа «самғау» қуаныштан көңілі тасуды, ал «қордаланып келетін» (саз) жаңа бір күйдің тууын білдіріп тұр.

Осы шақ тұлғасында метафоралардың қолданылуы: «Меруерт атасының кең құшағына ұшып кеп еркелеп еніп, бетінен сүйе бастады» (М.Сыдықов. Меруерт). «Ұшу» сөзі қазақ тілі тарихында өте ертеден метафоралы қолдануда [3, 114 б.]. «Ұшу» метафора ретінде «өлу», «орнынан түсу», «тұра бас салу», «үсу», «шабу» сөздеріне синоним ретінде қолданылса, енді тағы бір мағыналық жағы – «тез жүгіріп келу». Сағынған немеренің атасына тез жетуін автор образды түрде көрсете білген. Сабақтас сөйлем құрамының бірінші компонентіндегі метафорамен тіркесіп келген, фонетикалық өзгеріске түскен, ықшамдалған «кеп» көмекші етістігі іс-қимылдың шұғылдығын суреттеу үшін алынып тұр.

Тағы бір мысалды көрейік: «Әлгі бір сезім көкірегін жегі құртша кеміріп онан сайын удай ашытып барады, ит бұралқы күйге түсіріп жер қып барады» (С. Мұратбеков. Үскірік) деген салалас сөйлемдегі «кеміріп» пен «түсіріп»-тің де «барады»-ға ортақтасып, «барады»-ның екі қайталануы осы шақтық іс-қимылдың үдемелі сипатын суреттеуге қызмет етіп тұр. Құрмаластың екінші компонентіндегі «ит бұралқы күй», «жер қылу» тұрақты метафоралары сөйлем экспрессиясын күшейтіп тұр. Әсіресе, литота ыңғайындағы «жер қылу»; «қатты ұялтты»; «жерге қарата ұятқа қалдырды»; «беделін түсіріп»; «абыройсыз етті»; «аяққа басты» деген мағынадағы фразеологизмнің «барады»-мен тіркескендегі әсерлілік сипаты айрықша басым. Осы сөйлемдегі хиазмдық сипаты бар (ит бұралқы – бұралқы ит) эпитет – «күй» сөзінің семантикасын нақтылай көрсетуде, сыртқы тұлғасы және ішкі мағынасы жағынан келісті келген суретті сөз. Ал етістіктерге жалғанып тұрған -ып, -іп, -п форманттары басты кейіпкердің ішкі жан күйзелісінің динамикасын бейнелеуде экспрессивті реңк туғызуға жұмсалған.

Көсемшенің -ып, -іп, -п жұрнақтарының динамикалық сипаттағы қимыл-қозғалыстың үдемелі берілуіне қызмет ететіні туралы Абай өлеңдеріндегі грамматикалық тұлғалардың қолданылуын зерттеген ғалым Р. Сыздық оның «Жаз» өлеңін талдай отырып: «... бағыныңқы сөйлемнің баяндауыштарының қайткенде де -ып, -іп, -п жұрнақты өткен шақ көсемшемен берілуі тегін емес. Ақын табиғат көрінісін қимыл-қозғалыс үстінде суреттеуді қалап алған. Ал сол қимыл-қозғалыстың өзі жанды болу үшін оларды білдіретін сөздердің белгілі бір грамматикалық тұлғада тұруы керектігін Абайдың ақындық шеберлігі дәл тапқан» [5, 41 б.], – дейді.

Мысалды талдап көрелік: Арт жағына жалтақтай қарап зытып бара жатқан көкжалға Көк тәңірі нағылет айтқандай, қабағын түйіп түнере түскен. Терең сайдың ішінде ішек-қарны ақтарылып, қан-жоса болған өлікке қарауға дәті шыдамағандай ұяң Күн ақша бұлттың арасына сіңіп жүзін жасырды. Бар сырын ішіне бүккен паң Дала маңқиған қалпы маңғаздана қалған. Үп еткен жел жоқ. Өлі тыныштықты бұза қарқылдай күлген қара қарғалар ғана далпылдап ұшады (Д. Рамазан. Кек пен кие).

Мәтіннің алғашқы сөйлеміндегі Аспан-ның орнына қолданылған «Көк тәңірі» перифразы, Күн мен Дала-ны сипаттап тұрған «ұяң, паң» тың эпитеттері тұрған мәнмәтініне адамға тән қылықпен әсерлі суреттілік тудырып тұр.

«Үп еткен жел жоқ» фразеологизмі жеке өз алдына сөйлем болып, «тып–тынық», «желсіз» деген мағынада тұр. Автор осы тынық, желсіз күнді «өлі тыныштық» метафорасымен алмастырған. Тып-тынық, масаның ызыңы естілмейтін тыныштықты «өлі» эпитетімен көрсету суреттеліп отырған көріністің мәнін аша түсу үшін пайдаланылған. Осындай тыныштықты (сірә, орыс тіліндегі «мертвая тишина» деген тіркестің аудармасы (калькасы) болса керек) адамша қарқылдай күлген қара қарғалар бұзады.

Бір байқалатыны, соңғы сөйлемдерде тұрақты метафоралардың баяндауыш қызметінде жиі жұмсалатыны:

1. «Иттің жоқ болып кеткеніне он күндей болды» дегенде, Дұрдының жолдастары иттің еліне кеткенін біліп сандарын соғып қалыпты (Б.Төлеуғалиев. Құткелдінің оралуы).
2. – Мария тәтемдікінен, – деді ол. Мана ауруханадан шығарып, өз үйіне әкелдім. Қуанышымызды жуайық, келіп қайтсаңызшы.
– Мақұл, барайын. Адресі қалай еді? – дедім мен: азаматтың көңілін жыққым келмеді (М. Сқақбаев. Менің көрші әріптесім).
3. Әкем: – Бай деген ит оттай береді. Ойы қартайған соң, қайырымды бола қалу ғой. Өзін көрсетші маған, аузын күншығысқа қаратайын. Әкемнің бұл сөзінен кейін мен жұмған аузымды ашқаным жоқ (О. Сәрсенбаев. Көне кілем).

Тілші ғалымдар метафораларды: поэтикалық метафора, лексикалық метафора, дәстүрлі (халықтық тілдегі), жеке қолданыстағы метафоралар, тілдік метафора, тұрақты метафора, индивидуалдық метафора деп бөледі. [4, 60 б.].

Келтірілген сөйлемдердің соңындағы тұрақты метафоралар: санын соғып қалу – өкінууді; көңілді жықпау – ренжіткісі келмеуді; жұмған ауызды ашпау – үндемеуді; аузын күншығысқа қарату – оңдырмай сөгуді; оттай беру – негізсіз сөйлеуді білдіретін мағыналарда жұмсалып тұрған қысқа да нұсқа мәнді образды сөз орамдары. Шеберліктің бір қыры – сөз үнемдеу болса, соны жақсы ұстанған қаламгерлер сөйлемдегі ой мен мақсаттың айқындылығын сездіруде көп сөзділікке бармай, ұтқыр сөздерді, яғни тұрақты метафораларды пайдаланған.

Ит сөзі адамның жағымсыз іс-әрекетіне байланысты қолданылатыны белгілі, бірақ та, ит семасының жағымды көріністе қолданылуы туралы академик Ә. Қайдар былай деп жазады: «... ит екенсіз, иттің етіндей жек көру, ит терісін басына қаптау, ит мінез, итше ырылдасу, иттік істеу» сияқты толып жатқан тіркестерде адам итке баланып, қылықсыз жақтарынан көрінсе, енді бір қолданыста ол мақтау, көтермелеу немесе жақындығын, үлкендігін білдіре іш тарта өзімсініп сөйлеудің ыңғайында қолданылады» [6, 48 б.]. Соңғы сөйлемде бұл сөздің өзімсіне қолданылған тұстары да кездеседі. Айталық, жазушы Д. Исабековтің «Ескі үйдегі жаңа қоныс» әңгімесінің ақырғы абзацы былай түзіледі:

«Кешке Есіркептің үйінде үлкен той болды. Төртеуі кешірім сұрады: «Енді әзілде-сек, тілімізге қотыр шықсын», – десті. Ат басты Тәшкенбай стаканды қолына алып:

– Қоныс құтты болсын! – деді ыржиып.

– Иттер, – деді Есіркеп еріксіз езу тартып».

Сондай-ақ Б. Аманшиннің «Жолдағы жылау» әңгімесінің соңы да: «Ақтай екі күннен кейін келді. Мен сол үйде Алманың қолынан шай ішіп отыр едім. Сонда екі езуі құлағында, Ақтай маған бар болғаны: « О, ит-ай, қатырдың мені, қатырдың» – деп күле берді» болып бітеді. Бұл сөйлемдерде ит сөзі өзімсіне, іш тарта, жағымды эмоциялық мағынада айтылып тұр. Сонымен келтірілген мысалдардан ойды әсерлі жеткізуде бастапқы және соңғы сөйлемдерде қолданылған метафора қызметінің айрықша екені аңғарылады.

Метонимия. Көркем шығарма жаны – қашанда құдіретті сөз екені аксиома. Шығарма тілінің әсерлілігіне қызмет ететін ендігі бір тәсіл – метонимия. Метонимия туралы ұлы ғалым-лингвист Ахмет Байтұрсынов: «Арасында жақындығы бар екі нәрсенің атын ауыстырып, бірінің орнына бірін айту алмастыру деп аталады» [7, 357 б.], – деп мысалдармен нақтылайды. Ал орыс тіл білімінде О.Ахманова: «метонимия – троп, в котором вместо названия одного предмета дается названия другого, находящегося с первым в отношении «ассоциации по смежности» [8, 234 б.], – дейді.

Бастапқы сөйлемдердегі метонимиялар:

1. – Ақ дастарқаным атсын сен итті, қалтана сеніп дандайсып тұрсың ғой, малғұн! – деп ақырды үй иесі (М. Рахманбердиев. Тәжірибе).
2. Көкбел ойда жоқта дүрлікті (М. Сқақбаев. Әзіл).

Бірінші мысалдағы дәм, ақшалардың орнына жұмсалып тұрса, екіншідегі Көкбел аталатын ауыл адамдарының оқыс, тосын бір жағымсыз жайға мазасыздануын білдіреді.

Зерттеуші Л. Нұржекеева бұл құбылыстың тілдік табиғатына, лексика-семантикалық ерекшеліктеріне; құрылымы мен жасалу жолдарына; стильдік қызметіне арнайы тоқталып, жан-жақты қарастырған. Мәселен, зерттеуші жұмысының метонимияның құрылымы мен жасалу жолдарына арналған тарауында сөз таптарының (зат есім, сын есім, сан есім, етістік, есімдік, үстеу, одағай, еліктеуіш) метонимиялық қолданысына нақты мысалдар келтіріп: «Сөздің негізгі мақсаты ойды жеткізу деп білсек, көркем сөздің мақсаты – сол ойды әсерлеп жеткізу. Ал әсерлеп жеткізу ойда қалу үшін, ой мен сезімге әсер ету арқылы адамның жан дүниесін байыту үшін қажет», – деген ой түйеді [9, 6 б.].

Осындай әсерлі метонимия кездесетін өзге мысалдарды сөйлетейік:

1. Автобус күткен ығы-жығы топтан жанарын арыға салып, ығы-жығы адамдар легіне ойлана көз тастаған Ұрқияның назарына асфальт жолдың арғы қапталында осылай қарай қатар аяндаған таныс жүздер шалына түсті (Т. Шәлдибекқызы. Көлеңке).
2. Ол көзін ашып, айналасына қарады, бірақ кімнің шаңырағына жетіп шалқасынан түскенін есіне оралта алмай дал (Е. Жеңісұлы. Ауылдастар).
3. Қара кемпір шошып оянды, бір дүлей күш есікті тарсылдатып, жұлқылап алып бара жатты (Б. Аманшин. Кім кінәлі).

Алғашқы мысалда таныс жүздер – таныс адам орнына жұмсалып тұр, кейінгілердегі шаңырақ, дүлей күш-тер – үй, адам мағынасында.

Соңғы сөйлемдердегі метонимиялар. Соңғы сөйлемдерде де бұл тәсіл аз ұшыраспайды. Себебі «Сөз үнемдеушілікпен қатар, метонимия ойды әрі айқын, әрі дәл жеткізу мен қабылдау үшін нақтыландыру тәсілі ретінде де қолданылады» [9, 18 б.] Мысалдарға назар аударайық:

1. Тізгін ұшымен келіп, тізгін ұшымен кететін ғұмыры қысқалар – бірөңкей жақсылар (О. Бөкей. Шұғыла).
2. Сүйегі асыл ескілер салып кеткен көне де күрең жол деген – осы (М.Қабанбаев. 56-жылдың тойы).
3. Нұрғабыл бұларға қыр көрсеткендей, терезе түбінен аяғын тарп-тарп басып өтті. Әлдеқайда абалап ит үрді. Момақан ауыл бір аунап түсіп, қайтадан маужырап ұйқыға шомды (М. Рахманбердиев. Сыйлық).
4. Хадиша Валяны қолынан жетектеп, қыстай құлыптаулы тұрған өз үйіне қарай асыға адымдады. Асықпаса, адасып барып тапқанынан айырылып қалатындай (Ш. Мұртаза. Бір нәзік сәуле).
5. Көз алмай қарағандарға бір қулықты ойлап бара жатқан адамдай әсер етті (Т. Әлімқұлов. Араша).
6. Жер үстінде аяғын нық басып, адамзаттың бір балапаны келе жатты (М. Асылғазин. Алғашқы жаз)

Келтірілген мысалдардағы метонимиялардың барлығы да адам сөзін алмастырып тұр. «Сөздің өмірі – сөйлем ішінде» болғандықтан әр сөздің болмысы өзі тұрған мән мәтінде ашылады. Бірінші, мысалдағы ғұмыры қысқалар, бірөңкей жақсылар – субстантивтенген сын есім метонимиялар, адамның сапалық сипатын көрсету үшін қолданылса, екінші мысалдағы ескілер алдыңғы буын аға ұрпақтар мағынасында, ауыл – сол ауылдың адамдары ретінде; одан кейінгі күрделі метонимия мысалдардағы адасып барып тапқаны – қыз орнына; фразалық метонимия көз алмай қарағандар – адамдар, балапан – кішкентай адам, яғни баланы образды түрде жеткізіп тұрған метонимиялар.

Біздің пайымдауымызша, келтірген мысалдардың өзінде ғана, тіршілік иесі – тек адамға байланысты қаншама метонимиялық қолданыс жүр. Әрине, бұлай болуы, біріншіден, әр сөздің тіркесімпаздық қабілетіне байланысты болса, екіншіден қаламгердің оны пайдалана білу мүмкіндігіне байланысты. Өзге мысалдарды көрейік:

1. Тері илеушіге арналған ресми ескерткіш бір жетіден соң салтанатты түрде ашылып, шыдамы кеткен аудан еңбеккерлерінің де көңілдері бір демделді. Тек бұдан бұрынғы оқиғаны айттып қоймасын деп аупарткомның шофері оған үш күнде бір рет «сарыағаштың суын» апарып беріп тұрады деседі (Д. Исабеков. Ескерткіш).

2. Бисеннің көзінен омырауына бір моншақ тамып түсті (Ж.Кейкин. Кеш те болса).

3. Сонда көршісі мырс етіп: «Сен де соға бересің. Халық әні емес пе. Бұл маскүнем шіркін «Жалғыз аршаны» айтқанда да жылайды», – дер еді (М. Мағауин. Алтыбақаннан соң).

4. Менің алғашқы вахтам осылай басталды. Алда әлі талай вахта бар ғой. Көк жүзінде әлдеқайдан «айсбергтер» жеңіл қалқып келіп жатыр, үстімізден жүзіп өтіп, әлдеқайда маңып кетіп жатыр, кетіп жатыр. Көшпелі бұлттар!... (Б. Қанатбаев. Бурматрос).

5. Ертеңіне, ұлы сәскеде домбырашы келіншек аттанып кетті. Қара баланың көңілі жұртта қалғандай жетімсіреп, жападан-жалғыз егіліп қала берді. Өрімтал жас шыбық алғаш рет бүршік атып еді. Оны ешкім де аңғарған жоқ-ты (К.Ахметбеков. Домбыра сазы).

Бірінші мысалдағы авторлық метонимия «сарыағаштың суы» – арақ деген мағынаны алмастырып тұр, бұл метонимияның мағынасы осы мәнмәтінде ғана ұғынықты. Ал басқа мәнмәтінде «сарыағаштың суын» өз мағынасында қабылдар едік. Автор үш күнде бір арақ апарып тұрады деп жазса, әрі тұрпайы, әрі ешқандай әсерсіз оқылар еді. Сондықтан осы метонимияның айшықты әсері басым. Екінші мысалдағы «Жалғыз арша» – әннің атауы ретінде қолданылса, үшіншіде «моншақ» – көз жасын; төртіншіде «айсбергтер» – автордың парцеллят арқылы көрсеткен бұлт сөзін алмастыра, соңғы мысалдағы «өрімтал жас шыбық» – жас бала деген мағынаны алмастырып тұр. Бұл мысалдардан да метонимиялардың оқырманға әсерлі қабылданатын ойды астарлап жеткізуге қызмет ететін орамды тәсіл екені айқын көрінеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Николаева В. Структурно-композиционные особенности начальных и конечных абзацев // Лингвистика текста.: материалы научной конференции. – Москва, 1974. – Ч. I. – С. 206-209.
- 2 Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1970. – 380 б.
- 3 Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы: Мектеп, 1966. – 207 б.
- 4 Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуалдық метафоралар. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 161 б.
- 5 Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2004. – 616 б.
- 6 Хайдаров Ә. Шығарма тілі – көркем әдебиет өзегі // Өнер алды – қызыл тіл. – Алматы: Жазушы, 1986. – 42-57 б.
- 7 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш // Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1998.

8 Ахманова О. Словарь лингвистических терминов. – Москва: Советская энциклопедия, 1966. – С. 606.

9 Нұржекеева Л. Метонимияның тілдік табиғаты. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 80 б.

М.К. Жунусова

Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

Художественные приемы в начальном и конечном предложениях текста жанра рассказа

Аннотация. В статье рассмотрены такие параметры, как, значимость стиля и художественные описания начального и последнего предложений художественных текстов. Взаимоотношения читателя и автора складываются через художественный текст. Художественное слово – необычное искусство, описывающее мысли или чувства через образ. Автор обращает внимание на эстетическую роль языка в художественном произведении. В процессе общения человек не только делится своими мыслями, но и оказывает влияние на сознание других людей, выражая свое настроение, эмоции. Общение же между автором и читателем осуществляется в художественном тексте. На примерах из художественных текстов разбираются стилистические, семантические функции художественных приемов в первоначальных и последних предложениях, которые сразу привлекают внимание читателей, помогают ориентироваться на понимание семантики рассказа.

Ключевые слова: художественное произведение, текст, начальное предложение, последнее предложение, стилистическая деятельность, художественные приемы, метафора, метонимия.

М.К. Zhunusova

E. A. Buketov Karaganda State University, Karaganda, Kazakhstan

Artistic techniques in the beginning and last sentences of the text of the story genre

Abstract. The article considers the language parameters in the texts of artistic works, such as the artistic character, stylistic function of the original and last sentences. In his work, he noted that in the work of art, including the fact that the artist shows some national color in their verbal funds language and creativity. Literary communication between the author and the reader is carried out by a literary text. An artistic word is a kind of art that reflects thought and feelings through an image. Special attention was paid to the fact that language in a work of art performs a special aesthetic activity. We are talking about the fact that a person not only talks, but also has an impact on the minds of other people, expressing mood, emotions, and literary communication between the author and the reader is carried out in a literary text. It is analyzed by examples that stylistic, semantic functions of artistic metaphors, metonymies in the initial and last sentences attract the attention of readers at once, oriented to understanding the semantics of the story.

Keywords: artistic work, text, initial sentence, last sentence, stylistic activity, artistic techniques, metaphor, metonymy.

References

1 Nikolaeva V. Stryktyrno-kompozisionnih osobnosti nachalnih i konechnih abzasev [Structural and compositional features of initial and final paragraphs], *Lingvistika teksta.: materialy nauchnoi konferensii* [Text linguistics.: proceedings of the scientific conference]. (Moscow, 1974, P.I, P. 206-209). [in Russian]

-
-
- 2 Kabdolov Z. Adebiet teoriasynyn negizderi [Fundamentals of literary theory]. (Mektep, Almaty, 1970, 380p.). [in Kazakh]
 - 3 Hasanov B. Qazaq tilinde sozderdin metaforaly qoldanylyy [Application of metaphorical words in the Kazakh language]. (Mektep, Almaty, 1966, 207p.). [in Kazakh]
 - 4 Sybanbaeva A. Metaforanyn tildik bolmysy jane konseptyaldyq metaforalar [The essence of linguistic metaphors and conceptual metaphors]. (Qazaq yniuersiteti, Almaty, 2002, 161p.). [in Kazakh]
 - 5 Syzdyk R. Abai jane qazaqtyn ulttyq adebi tili [Abay and Kazakh national literary language]. (Arys, Almaty, 2004, 616p.). [in Kazakh]
 - 6 Haidarov A. Shygarma tili – korkem adebiet ozegi [The language of the work is the core of fiction] // Oner aldy – qyzyl til [The art of eloquence]. (Jazyshy, Almaty, 1986, P.42-57). [in Kazakh]
 - 7 Baitursynov A. Adebiet tanytqysh [Knowledge of the literary world] // Newspaper “Ak zhol” [White path]. (Zhalyn, Almaty, 1998). [in Kazakh]
 - 8 Ahmanova O. Slovar lingvisticheskikh terminov [Dictionary of linguistic terms]. (Sovetskaya ensiklopedia, Moscow, 1966, 606 p.). [in Russian]
 - 9 Nurjekeeva L. Metonimianyn tildik tabigaty [The linguistic nature of metonymy]. (Qazaq yniuersiteti, Almaty, 1992, 80 p.). [in Kazakh]

Автор жайлы мәлімет:

Жунусова М.К. - филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, С. Мұқанов көшесі 1, Қарағанды, Қазақстан.

Zhunusova M.K. - Candidate of Philological Sciences, Associate Professor. E.A. Buketov Karaganda State University, Mukanov str. 1, Karaganda, Kazakhstan.